

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 594 Қаулысы

Ескерту. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2007.03.13. N 188 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы

Осы Заң жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың құқықтық, экономикалық және қаржылық негіздерін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін және Қазақстан Республикасында оны жүзеге асырудың кепілдіктерін анықтайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Жергілікті өзін-өзі басқаруды ұйымдастырудың негіздері

1. Қазақстан Республикасында тұрғын халықтың жергілікті маңызы бар мәселелерді дербес шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады.

2. Жергілікті өзін-өзі басқару ретінде жергілікті қоғамдастық шегінде жүзеге асырылатын және осы Заңда, басқа да заңнамалық актілерде, жергілікті қоғамдастық жарғысында белгіленген тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өз жауапкершілігіне ала отырып шешетін әкімшілік-аумақтық бірліктегі тұрғын халықтың қызметін дербес ұйымдастыру жүйесі ұғынылады.

3. Жергілікті өзін-өзі басқаруды тікелей еркін сайлау арқылы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы және басқа да органдары арқылы жергілікті қоғамдастық мүшелері жүзеге асырады.

Жергілікті өзін-өзі басқару тұрғын халық топтары жинақы тұратын ауыл (село), кент, қаладағы аудан, қала аумақтары шегінде жеке жүзеге асырылады.

Бір әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында, осы тармақтың төртінші бөлігінде

көзделген жағдайларды қоспағанда, бір жергілікті қоғамдастық құрылуы мүмкін.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада өз қызметін дербес жүзеге асыратын бірнеше жергілікті қоғамдастық құрылуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының азаматының жергілікті қоғамдастықтың мүшесі деп тануға шегінде жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында оның тұрақты тұруы негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының азаматына жергілікті қоғамдастыққа мүшелікке енуге осы тармақта көзделген негізден басқа қандай да бір өзге де шарттар белгілеуге жол берілмейді.

2-бап. Жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу

1. Жергілікті өзін-өзі басқару осы Заңның 1-бабында көрсетілген жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктерде тиісті ауылдың (селоның), кенттің, қаладағы ауданның, аудандық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың он сегіз жасқа толған әрекетке қабілетті азаматтарының елу пайыздан астамының келісімі болған жағдайда енгізіледі.

2. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу туралы келісім қол қою парақтарын толтыру арқылы қол жинаумен куәландырылады.

Қол жинауды тиісті ауылдың (селоның), кенттің, ауылдық (селолық) округтің, қаладағы ауданның, аудандық, облыстық маңызы бар қаланың әкімі құратын азаматтардың бастамашы тобы ұйымдастырады.

Азаматтардың бастамашы топтарының қызметін ұйымдастыруды осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген әкім қамтамасыз етеді.

Әрбір қол қою парағы мынадай мәліметтерді: реттік нөмірі, қол қоятын адамның тегі, аты және әкесінің аты; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясы; туған күні, айы және жылы; тұратын тұрғылықты жерінің мекен-жайы, жеке қолы мен күні бар бағанды қамтуы тиіс.

Әрбір азамат қол қою парағына тек бір рет қана қол қоюға құқылы.

Толтырылған әрбір қол қою парағына қол жинауды жүзеге асыратын адам қол қояуы тиіс.

Қол жинау аяқталғаннан кейінгі үш күн мерзімде толтырылған қол қою парақтарын қол жинауды жүзеге асыратын адамдар он күн мерзімде азаматтардың қол қою парақтарындағы қолдарының дұрыстығын халықты құжаттандыру мен есепке алуды жүзеге асыратын органдарды (паспорт қызметін) тарта отырып тексеретін осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген әкімге тапсырады.

Мыналар :

- 1) екі немесе одан да көп адамдар үшін бір адам орындаған;
- 2) қол қою парағына сәйкес деректер толық емес кезінде;
- 3) өз қолын кері қайтарып алатын Қазақстан Республикасы азаматының жазбаша өтініші болған кезде;

4) қайтыс болған адамдар үшін қойылған қолдар жарамсыз деп танылады.

Ауылдың (селоның), кенттің, ауылдық (селолық) округтің, қаладағы ауданның, аудандық, облыстық маңызы бар қаланың әкімі қолды егер қолдың Қазақстан Республикасы заңдарының талаптары бұзылуымен алынғаны анықталған болса сенімді е м е с д е п т а н и д ы .

Осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген әкім қолдың дұрыстығын тексерген соң тиісті хаттаманы ресімдейді және оны тиісті аудан (облыстық маңызы бар қала), республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігіне жібереді.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері тапсырған хаттамаларды қорытындылайды және оларды облыс әкімдігіне ж і б е р е д і .

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі тапсырған қол қою парақтары осы Заңның талаптарына сәйкес келген кезде қол жинаудың нәтижелерін қорытынды хаттамаға енгізеді. Қол жинаудың нәтижелері туралы қорытынды хаттама осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген әкімдерден құжаттарды алған күннен бастап бір айдың ішінде Орталық сайлау комиссиясына және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тиісті аумақтық әділет органына жіберіледі.

3-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жергілікті маңызы бар мәселелер - ауыл (село), кент, қаладағы аудан, аудандық, облыстық, республикалық маңызы бар қала және астана тұрғын халқының жергілікті мемлекеттік басқару органдарының құзыретіне кірмейтін осы Заңға сәйкес тіршілік әрекетін тікелей қамтамасыз етуге жатқызылған мәселелер;

2) жергілікті қоғамдастық мүлкі - жергілікті өзін-өзі басқару табыстарын алу және жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік-экономикалық мүддесін қанағаттандыру көзіне қызмет ететін жергілікті өзін-өзі басқару органдарының иелігіндегі, пайдалануындағы ж ә н е б и л і г і н д е г і м ү л і к ;

3) жергілікті қоғамдастық - жергілікті өзін-өзі басқару шегінде жүзеге асырылатын және оның органдары құрылып жатқан тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының (жергілікті қоғамдастық м ү ш е л е р і н і ң) ж и ы н т ы ғ ы ;

4) жергілікті өзін-өзі басқару органдары - мемлекеттік органдар жүйесіне кірмейтін, осы Заңда және жергілікті қоғамдастық жарғысында белгіленген тәртіппен құрылған және жергілікті маңызы бар мәселелерді дербес шешуге бойынша өкілеттік берілген сайланбалы және өзге де органдар;

5) Кеңес регламенті - Кеңес қызметінің ішкі тәртібін, сондай-ақ осы Заңда

белгіленген өзге де мәселелерді реттейтін құжат;

б) қаржы жоспары - жергілікті қоғамдастықтың қаражатын қалыптастыру және пайдалану мәселелерін реттейтін құжат.

4-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы

Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Жергілікті өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Осы Заңның қолданысы астананың және Алматы қаласының аумақтарында астананың және Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы заңнамаға қайшы келмейтін бөліктерінде таралады.

5-бап. Жергілікті қоғамдастықтың жарғысы

1. Жергілікті қоғамдастықтың жарғысын тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік азаматтарының бастамашы тобы үлгі жарғының негізінде әзірлейді және жергілікті қоғамдастықтың мүшелері тікелей дауыс беру жолымен қабылдайды.

Жергілікті қоғамдастықтың үлгі жарғысын Қазақстан Республикасының Үкіметі б е к і т е д і .

Жергілікті қоғамдастықтың жарғысы, егер оған жергілікті қоғамдастықтың он сегіз жасқа толған әрекетке қабілетті мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, қ а б ы л д а н д ы д е п е с е п т е л е д і .

Жергілікті қоғамдастықтың жарғысын дайындау және қабылдау жөнінде дауыс беруді өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

2. Жергілікті қоғамдастықтың жарғысында:

- 1) әкімшілік-аумақтық бірлік көрсетілген оның атауы;
- 2) жергілікті қоғамдастық аумақтарының шекаралары мен құрамы;
- 3) осы Заңға сәйкес оның қарауына жатқызылған жергілікті маңызы бар мәселелер;
- 4) жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру тәртібі мен өкілеттігі;
- 5) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және оның мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдау негіздері мен тәртібі;
- 6) жергілікті қоғамдастықтың мүлкін қалыптастыру, иелену, пайдалану және иелік е т у т ә р т і б і ;
- 7) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің өтініштерін қараудың мерзімі мен тәртібі;
- 8) жергілікті қоғамдастық қаражатын қалыптастыру және пайдалану тәртібі;
- 9) жергілікті қоғамдастық жиналысын ұйымдастыру және өткізу тәртібі;
- 10) сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің мәртебесі және әлеуметтік кепілдіктері көрсетіледі.

Жергілікті қоғамдастық жарғысында Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жергілікті қоғамдастық қызметіне жататын басқа да ережелер қ а м т ы л у ы м ү м к і н .

3. Жергілікті қоғамдастықтың жарғысы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады және тиісті облыс (астана, республикалық маңызы бар қала) аумағына таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жарияланғаннан (жария етілгеннен) кейін күшіне енеді.

Жергілікті қоғамдастық жарғысын тіркеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

4. Мемлекеттік тіркеу жергілікті қоғамдастық жарғысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді қамтиды.

Әділет органдары тіркелген жергілікті қоғамдастық жарғыларының есебін жүргізеді.

6-бап. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

1. Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің:

1) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктің жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге қарым-қатынасына, сеніміне, саяси партияларға және қоғамдық бірлестіктерге қатысуына қарамастан тікелей сайлаулар арқылы, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы және басқа да органдары арқылы жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға;

2) Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен сайланбалы жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға;

3) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда жергілікті қоғамдастық мүшесінің жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысу құқықтарын шектеуге жол берілмейді және сот тәртібімен шағымдануы мүмкін.

2. Жергілікті қоғамдастық мүшелері:

1) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға ықпал етуге;

2) мемлекеттік тілге және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға және олардың дамуына ықпал етуге;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға міндетті.

7-бап. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы

1. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы жергілікті қоғамдастық мүшелерінің жергілікті маңызы бар мәселелерді тікелей өз еркін білдіру жолымен шешу нысаны болып табылады.

Жергілікті қоғамдастық жиналысында талқылау мәні:

1) Кеңесті тарату туралы мәселені қарау және шешім қабылдау;

2) жергілікті маңызы бар аса маңызды мәселелер бойынша шешімдерді талқылау;
3) атқарылған жұмыс туралы Кеңес басшысының есебін қарау;
4) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жүргізуіне қатысты және мемлекеттік органның қарауында емес өзге де мәселелер болып табылады.

2. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы:

1) жергілікті қоғамдастықтың он сегіз жасқа толған әрекетке қабілетті мүшелерінің кемінде оннан бірінің бастамасы бойынша;

2) Кеңестің шешімі бойынша жүргізіледі.

3. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы бұл туралы ұсыныс (шешім) енгізілген күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей өткізіледі.

4. Жергілікті қоғамдастық жиналысының өткізілетін күні мен орны, оның қарауына енгізілетін мәселелер, сондай-ақ олар бойынша қабылданған шешімдер жергілікті қоғамдастықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жатады.

5. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы, егер оған жергілікті қоғамдастықтың он сегіз жасқа толған әрекетке қабілетті мүшелерінің кемінде үштен бірі қатысса, заңды болады. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімі оған қатысып отырған жергілікті қоғамдастық мүшелерінің үштен екісінің басым дауысымен қабылданады, жергілікті қоғамдастық жиналысының хаттамасымен ресімделеді.

6. Егер жергілікті қоғамдастықтың жиналысына жергілікті қоғамдастықтың он сегіз жасқа толған әрекетке қабілетті мүшелерінің кемінде үштен бірінен кемі қатысса жиналыс өткізілмеді деп танылады және он күннен кешіктірілмей қайталама жиналыс өткізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың қайталама жиналысының күні мен орны жергілікті қоғамдастықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға жатады.

Қайталама жиналыс, егер оған осы баптың 5-тармағында көрсетілген жергілікті қоғамдастық мүшелерінің қажет санынан кемінде жартысы қатысса, өткізілді деп танылады.

Жергілікті қоғамдастық мүшесінен сенімді адам қатыса алады. Жергілікті қоғамдастықтың бірнеше мүшелерінің мүдделеріне бір сенімді адамның өкілдік етуіне рұқсат етіледі.

7. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын өткізу уақытында жергілікті қоғамдастықтың мүшелері жергілікті өзін-өзі басқаруды жүргізуге жататын мәселелер бойынша проблемаларды көтере алады және ұсыныс енгізе алады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиналысының нәтижелері бойынша енгізілген ұсыныстар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының міндетті қарауына жатады.

9. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысында қабылданған шешімдер мемлекеттік биліктің қандайда бір органдарының, олардың лауазымды адамдарының немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бекітуін қажет етпейді және жергілікті өзін-өзі басқару органдары және/немесе жергілікті қоғамдастық мүшелері орындауға

м і н д е т т і .

10. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысында қабылданған шешімдерге азаматтар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, прокурор, мемлекеттік биліктің өзге де уәкілетті органдары сот тәртібімен шағымдана алады.

11. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын дайындауды және өткізуді қаржыландыру жергілікті қоғамдастық қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2-тарау. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары

8-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органы жергілікті қоғамдастық сайлаған мүшелерден құралған Кеңес болып табылады.

2. Кеңес оның мүшелерінен немесе жергілікті қоғамдастық мүшелерінен Кеңес және жергілікті қоғамдастық жиналысы қабылдаған шешімдердің және осы Заңға және жергілікті қоғамдастық жарғысына сәйкес өзге де өкілеттіктердің орындалуын ұйымдастыруды жүзеге асыратын адам - Төрағаны сайлайды.

3. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) жалпы мемлекеттік ішкі және сыртқы саясатқа сәйкес келмейтін шешімдердің, соның ішінде қаржылық және инвестициялық, қабылдануына жол бермеуге;

2) бірыңғай еңбек рыногын, капиталды, қаржыны қалыптастыруға, тауарлар мен қызметтерді еркін алмасуға, Қазақстан Республикасының бірыңғай мәдени және ақпараттық кеңістігінің қалыптасуы және дамуына кедергі келтіретін шешімдер қабылдауға жол бермеуге;

3) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасының мүдделерін сақтауға;

4) қызметтік қоғамдық маңызы бар салаларында белгіленген жалпы мемлекеттік стандарттарды ұстануға;

5) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

6) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің өтініштерін жергілікті қоғамдастық жарғысында белгіленген мерзімде және тәртіпте мәні бойынша қарап жауап беруге;

7) өз қызметін жүзеге асыру кезінде жариялылық және бүкпесіздік қағидаларын ұстануға, қоғамдық пікірді ескеруге, жергілікті қоғамдастық мүшелерінің өзін-өзі басқару органдарының отырыстарына еркін қол жетімділік мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

8) жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жергілікті қоғамдастық мүшелерінің қатысуын қамтамасыз етуге;

9) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасын сақтауға міндетті.

4. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлау Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасымен регламенттеледі.

9-бап. Кеңестерді құру

1. Кеңес мүшелерін жалпыға ортақ, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастықтың мүшелері сайлайды. Кеңестің өкілеттік мерзімі төрт жыл.

Жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны екі жүзден мыңға дейінгі адам кезінде Кеңес құрамында жеті адамнан, мыңнан астам адам кезінде - құрамында он бес адамға дейін құралады.

Кеңес мүшелерінің санын облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) сайлау комиссиялары кезекті сайлау алдында төрт жылда бір рет жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мәліметтер негізінде белгілейді.

2. Жергілікті қоғамдастықтың жиырма жасқа толған мемлекеттік қызметші болып табылмайтын мүшесі Кеңестің мүшесі бола алады.

Кеңес мүшесі мәслихаттың немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты бола алмайды.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған адам Кеңес мүшесі бола алмайды.

3. Кеңес мүшесінің өкілеттігі оның тиісті сайлау комиссиясында тіркелген сәтінен басталады.

4. Кеңестің өкілеттігі Кеңестің бірінші отырысы ашылған сәттен басталады және жаңа шақырылған Кеңестің бірінші отырысы жұмысын бастағанда тоқтатылады.

Кеңестің бірінші отырысын сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап 30 күннен кешіктірілмей тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.

5. Кеңесті оның мүшелерінің жасырын дауыс беруімен Кеңестің мүшелерінің жалпы санының басым даусымен сайланған басшы басқарады.

Кеңестің басшысы лауазымына кандидатураны Кеңестің мүшелері ұсынады.

Кеңестің басшысы лауазымынан босатылуы мүмкін, сондай-ақ, егер бұл үшін Кеңес мүшелерінің жалпы санынан басым көпшілігі дауыс берсе, лауазымынан босату туралы өтініш беруге құқылы.

Кеңестің басшысы:

- 1) отырыстарды шақырады және оларға төрағалық етеді;
- 2) Кеңестің қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) Кеңестің қызметінде регламенттің сақталуын қамтамасыз етеді;
- 4) Кеңес қабылдаған актілерге қол қояды;
- 5) жергілікті қоғамдастық мүшелеріне жарты жылда кемінде бір рет атқарылған жұмыс туралы есепті ұсынады;
- 6) жеке және заңды тұлғалармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен қарым-қатынастарда жергілікті қоғамдастықтың мүддесін танытады;

7) Жергілікті қоғамдастық жарғысымен және Кеңес регламентімен оған жүктелген басқа міндеттерді атқарады.

6. Әкімшілік-аумақтық бірлігі қайта ұйымдастырылған (біріккен, қосылған, қайта құрылған, бөліп шығарылған немесе бөлінген) жағдайда Кеңес мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды. Олар жаңа шақырылған Кеңестің бірінші отырысы өткізілетін күнге дейін қайта ұйымдастыру нәтижесінде тұрғын халқы неғұрлым көбейген тиісті қайта ұйымдастырылған әкімшілік-аумақтық бірлігі Кеңестерінің мүшесі болып табылады.

10-бап. Кеңестің өкілеттігі

1. Кеңестің өкілеттігіне:

- 1) Кеңестің басшысын сайлау және оны лауазымынан босату;
- 2) Кеңестің регламентін бекіту;
- 3) Кеңестің жұмыс жоспарын бекіту;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын бекіту, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, оның орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- 5) Төрағаны сайлау және оны лауазымынан босату;
- 6) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарының орындалуы туралы Төрағаның есебін бекіту;
- 7) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарының орындалуы туралы бекітілген есепті жергілікті қоғамдастыққа ұсыну;
- 8) атқарылған жұмыс туралы Төрағаның есебін тыңдау;
- 9) Төраға аппаратының штат санының және оның қызметкерлерінің еңбек ақысы жүйесінің лимитін бекіту;
- 10) ерікті өзара салық тәртібімен жергілікті қоғамдастық белгілеген ставкалар мен алым мөлшерін бекіту;
- 11) жергілікті қоғамдастықтың жүргізу мәніне жатқызылған оның жарғысында көзделген мәселелер бойынша ережелерді қабылдау;
- 12) жергілікті атқарушы органға экологиялық, тарихи, мәдени немесе ғылыми құндылығы бар табиғи және өзге де объектілерді заңмен қорғалатын тарихи және мәдени ескерткіштер деп жариялау туралы ұсыныс енгізу;
- 13) жергілікті қоғамдастық мүшелерін жергілікті көтермелеу және түрлі құрметті ақтар беру;
- 14) атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы және өзге де әлеуметтік көмекті тағайындау бойынша қызметке уәкілетті органдарға ықпал ету бойынша учаскелік комиссия құрамына Кеңес мүшесін жіберу;
- 15) жер учаскелерін ұсыну бойынша жергілікті атқарушы органдар құрған комиссия құрамына Кеңес мүшесін жіберу;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін жергілікті

қоғамдастық жарғысында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген өкілеттіктерді өзге жергілікті өзін-өзі басқару органдарына беруге жол берілмейді.

11-бап. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

1. Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанында кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес отырысы Кеңес басшысының, оның мүшелерінің кемінде үштен бірінің немесе Төрағаның бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін. Егер Кеңес отырысына оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, ол заңды болады.

Кеңестің шешімдері оның отырысына қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен қабылданады, қаулы түрінде ресімделеді және оған Кеңес басшысы қол қ о я д ы .

Егер шешім қабылдаған кезде Кеңес мүшелерінің дауысы тең бөлінген жағдайда, барлық жағдайларда өз даусын соңынан беретін басшының дауысы шешуші болып т а б ы л а д ы .

2. Кеңес қаулысы Төрағаның орындауы үшін міндетті.

12-бап. Төрағаның өкілеттігі

1. Төрағаның өкілеттігіне:

1) Кеңес және жергілікті қоғамдастықтың жиналысы қабылдаған шешімдердің о р ы н д а л у ы н ұ й ы м д а с т ы р у ;

2) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарының орындалуы туралы есепті жарты жылда кемінде бір рет Кеңеске ұсыну;

3) Төраға аппаратын құру, оның қызметкерлерін тағайындау және қызметтен босату ;

4) Төраға аппараты қызметкерлерінің құзыретін анықтау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін жергілікті қоғамдастық жарғысында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

13-бап. Төрағаның қызметін ұйымдастыру

1. Төрағаның қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді Төраға аппараты жүзеге а с ы р а д ы

2. Төраға аппараты қызметі жергілікті қоғамдастық қаражатынан қаржыландырылатын мекеме нысанында құрылады.

3. Төраға аппаратын Төраға басқарады.

Төраға аппаратының жұмысын Төраға ұйымдастырады және басқарады, Төраға аппаратына жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапкершілік алады.

14-бап. Төраға аппаратының өкілеттігі

1. Төраға аппаратының өкілеттігіне:

1) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын қалыптастыру;

- 2) жергілікті қоғамдастық мүлкін басқару;
- 3) жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік проблемаларын шешуге қайырымдылық қорларының және демеушілердің қаражаттарын тарту;
- 4) жергілікті қоғамдастықтың бұқаралық ақпарат құралдарын құру, олардың басшыларын тағайындау және босату;
- 5) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің есебін жүргізу;
- 6) жергілікті қоғамдастықтың жиналысын жүргізуді ұйымдастыру;
- 7) елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 8) елді мекендерде көшелерді жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастыру;
- 9) елді мекендерді санитариялық тазартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;
- 10) елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау;
- 11) туысы жоқ адамдарды жерлеуді және жерлеу орындарын тиісті қалпында күтіп-ұстау жөніндегі қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- 12) табиғи техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласында қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру;
- 13) малды аса қауіпті ауруларға қарсы алдын-ала егу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;
- 14) ауылдық (селолық) жерде оқушыларды мектепке дейін және кейін қарай тегін жеткізуді ұйымдастыру;
- 15) кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету қажет болған жағдайда ауруларды жақын маңдағы дәрігерлік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына, сондай-ақ ауруларға үйде қызмет көрсететін медицина қызметкерлерін аурудың тұрғылықты жеріне дейін жеткізуді ұйымдастыру;
- 16) микрокредит беру бағдарламаларына қатысуы үшін табысы төмен адамдарды анықтау;
- 17) табысы аз адамдарды анықтау және жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, атаулы әлеуметтік көмек көрсету, жалғыздікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөнінде тісті салалардағы уәкілетті органдарға ұсыныс енгізу;
- 18) интернат-үйлеріне белгілеуді қажет ететін азаматтарды анықтау және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органдарға оларды осы мекемелерге орнықтыру жөнінде ұсыныс енгізу;
- 19) әлеуметтік карта жасау;
- 20) жұмыссыздарға кәсіби бағдарлау ісінде тегін қызметтер көрсету;
- 21) елді мекендердің автомобиль жолдарының салынуы, қайта жанартылуы, жөнделуі және күтіп ұсталуы бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 22) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
- 23) мектепке дейінгі ұйымдарға, мәдени мекемелерге қолдау көрсету және

материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

24) тұтыну және өндіріс қалдықтарын сақтауға және көмуге орындар ұстау;

25) тиісті әкімге және өзге де мемлекеттік органдарға жергілікті қоғамдастық мүшелерінің өмірлерін қамтамасыз етуге қатысты және өз құзырларына жатпайтын барлық мәселелерді зерделеу және олар бойынша ұсыныстар енгізу;

26) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін жергілікті қоғамдастықтың жарғысында белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

2. Т ө р а ғ а а п п а р а т ы :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кондоминиум объектісін б а с қ а р у ғ а ;

2) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға;

3) әлеуметтік маңызды аурулардың алдын алу және ескерту, салауатты өмір салты, жарақат алушылық бойынша тұрғын халықтың медициналық хабардар болуының артуы мәселелерін шешуге қатысуға;

4) ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге;

5) тұрғын халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге;

6) дене шынықтыру-спорт ұйымдарына қажетті үй-жайлар, мәдениет және демалыс парктерінде сабақтар өткізуге арналған орындар бөлуге, спорт ғимараттарын беруге ж ә р д е м д е с у г е ;

7) ауыл шаруашылығы санағын жүргізуге қатысуға;

8) жол-көлік оқиғаларының алдын алуға, азаматтарға жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын оқытуға бағытталған алдын-алу шараларын өткізуді ұйымдастыруға қ а т ы с у ғ а ;

9) тұрғын халыққа мынадай ақылы негізде мынадай қызметтер көрсетуге:

жеке меншік сектордың малын бағу;

малдарды сою, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау және өңдеу, жануарларды ж а с а н д ы ж о л м е н ұ р ы қ т а н д ы р у ;

ветеринариялық қызмет көрсету және ветеринария саласында уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіппен ауыл шаруашылық жануарларын сәйкестендіруін ө т к і з у г е қ а т ы с у ;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін жергілікті қоғамдастықтың жарғысында белгіленген жергілікті қоғамдастықтың мүшелері талап еткен өзге де қызметтерін көрсетуге құқылы.

15-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және оның мүшелерінің өкілеттігін тоқтату негіздері

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органының өкілеттігі:

1) оны қалыптастырудағы заңнамада белгіленген тәртібін бұзған;

2) өкілеттік мерзімі біткен;

- 3) Кеңес өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдаған;
- 4) Кеңес отырыстарының қатарынан үш рет кворум болмаған;
- 5) жергілікті қоғамдастықтың бастамасымен Кеңес таратылған жағдайларда тоқтатылады.

2. Жергілікті қоғамдастық:

- 1) жергілікті қоғамдастықтың заңды мүдделеріне сай емес шешімдер қабылдаған;
- 2) қоғамдық тыңдаулар нәтижелері бойынша енгізілген ұсыныстар бойынша шешімді қараусыз және/немесе қабылдаусыз қалдырған жағдайларда Кеңесті тарату туралы шешім қабылдайды.

3. Жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік қызметке кірген;
- 2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан немесе одан айырылған;
- 3) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 4) қайтыс болған;
- 5) жергілікті қоғамдастықтан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығып кеткен, әскери қызметке шақырылған;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен адамды әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе қабілетсіз не хабар-ошарсыз кетті деп танығанда немесе қайтыс болды деп жариялағанда;
- 7) жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің оның құрамынан шығу туралы өтініш беруімен байланысты жағдайларда тоқтатылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің өкілеттігін тоқтату туралы шешімді Кеңес оның мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауысымен қабылдайды.

3-тарау. Мемлекеттік органдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара қарым-қатынасы

16-бап. Мемлекеттік органдардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара қарым-қатынасы

1. Мемлекеттік органдар жергілікті өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және дамыту үшін қажетті құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де жағдайлар жасайды, жергілікті өзін-өзі басқару органдары әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес халықтың жергілікті өзін-өзі басқару құқығының жүзеге асуына ықпал етеді.

2. Мемлекет осы Заңда және жергілікті қоғамдастық жарғысында белгіленген өкілеттіктер шегінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігіне кепілдік береді және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына заңнамалық актілерге сәйкес, тиісті қаржылық тұрғыдан қамтамасыз ете отырып, функцияларды беруді көздейді.

3. Мемлекеттік органдардың, осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметіне араласуға құқығы жоқ.

17-бап. Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігінің құзыреті

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімдігі:

- 1) жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қалыптасуы және дамуы үшін ұйымдастырушылық жағдайлар жасау бойынша іс-шараларды жүзеге асырады;
- 2) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың, республикалық маңызы бар қаладағы ауданның, астанадағы ауданның) әкімдері арқылы өзара іс-қимыл жасайды;
- 3) жергілікті қоғамдастық мүшелеріне олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;
- 4) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында құрылған жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін зерделеуді және талдауды жүргізеді;
- 5) жергілікті өзін-өзі басқару саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлейді.

4-тарау. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметтерін қаржылық қамтамасыз ету. Жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарының орындалуы туралы есеп

18-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін қаржылық қамтамасыз ету

1. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметін қаржылық қамтамасыз етуді:
 - 1) мемлекеттік бюджеттен берілген қаражат;
 - 2) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің ерікті алымдарды төлеу нәтижесінде түскен қаражат;
 - 3) ақылы негізде көрсетілген қызметтерден түскен кірістер;
 - 4) жергілікті қоғамдастықтың мүліктері;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер құрайды.
2. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары заңнамалық актілерге сәйкес жергілікті қоғамдастықтың меншік объектілерін жеке және заңды тұлғаларға уақытша немесе тұрақты пайдалануға беруге, жалға беруге, белгіленген тәртіппен иеліктен айыруға, сондай-ақ өзге де мәмілелер жасауға құқылы.

19-бап. Бақылау органы

1. Бақылау органы - жергілікті қоғамдастықтың қаражатын:
 - 1) мемлекеттік бюджеттен берілген қаражатты;
 - 2) жергілікті қоғамдастық мүшелерінің ерікті алымдарды төлеу нәтижесінде түскен қаражатты;

3) ақылы негізде көрсетілген қызметтерден түскен кірістерді;
4) жергілікті қоғамдастық мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдалану нәтижесінде түскен кірістерді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерді мақсатты және тиімді пайдалануды бақылауды жүзеге асыратын орган.

2. Жергілікті қоғамдастықтың қаражатын мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау тексеру арқылы жүргізіледі. Тексеру жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

3. Бақылау органы мүшелерінің санын Кеңес анықтайды. Бақылау органының басшысын Кеңес оның мүшелерінің арасынан Кеңес өкілеттігі мерзіміне сайлайды. Бақылау органының өзге мүшелерін бақылау органының басшысы жергілікті қоғамдастықтың қаражаты есебінен тиісті салада білімі бар мамандардың арасынан шарттық негізде тексеру жүргізу кезеңіне тартады.

4. Бақылау органының өкілеттігі мен жұмыс тәртібі Кеңестің регламентімен анықталады.

5. Бақылау органы жүзеге асыратын тексеру нәтижесі жариялауға (жариялануға) жатады.

6. Жергілікті қоғамдастықтың қаражатын пайдалану мәселелері бойынша қылмыстың немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың өзге де фактілері анықталған жағдайда бақылау органы материалдарды құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға уәкілетті органдарға береді.

20-бап. Жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебі

1. Төраға жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарының орындалуы туралы есепті қосымшаларымен бірге жарты жылда кемінде бір рет Кеңес пен бақылау органына ұсынады.

2. Жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарының орындалуы туралы есебіне:

1) түсіндірме жазба;

2) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы, оның тиімділік бағасын қоса алғанда, талдау есебі қоса беріледі.

21-бап. Жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебін қарауы және бекітуі

1. Кеңес Төрағаның жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебін бақылау органының жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебін алғаннан кейін он бес күн ішінде қарайды.

2. Есепті қарау кезінде Кеңес:

1) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы Төрағаның баяндамасын;

2) жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебі бойынша

қорытындымен бақылау органы басшысының баяндамасын тыңдайды.

3. Қаралғаннан кейін жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебін Кеңес бекітеді.

4. Жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау туралы есебін бекіту кезінде Кеңес есепті кезеңге жергілікті қоғамдастықтың қаржы жоспарын орындау нәтижелері бойынша тиісті шаралар қабылдау қажеттігі туралы шешім шығаруға құқылы.

5-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер

22-бап. Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамасын бұзған кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

23-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктерде жергілікті өзін-өзі басқару органдарын құру бойынша қолданысқа енетін осы Заңның 14-бабы 1-тармағының 7), 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24) тармақшаларын қоспағанда, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті